

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 шілдеде № 28716 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 221-бабының 2-тармағына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша денсаулық сақтау саласындағы кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 4 шілдедегі
№ ҚР ДСМ-63 Бұйрыққа
1-қосымша

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 221-бабының 2-тармағына (бұдан әрі - Кодекс) және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ТжКБ білім беру бағдарламалары) бойынша оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2-тарау. Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар

2. ТжКБ-деңгейінде білім беру мазмұны ТжКБ білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқытудың күзіретті нәтижелеріне бағдарланады.

ТжКБ білім беру бағдарламаларының мазмұны:

білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді;

2) зертханалық-практикалық сабақтарды орындауды;

3) өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуді;

4) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді.

орта буын мамандарының деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді;

2) зертханалық-практикалық сабақтарды орындауды;

3) кәсіптік практикадан өтуді;

4) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді көздейді.

3. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру қамтамасыз етеді:

1) оқу әдебиеттері мен оқу - әдістемелік құралдардың, оның ішінде: электрондық білім беру контентінің (электрондық оқу құралдары, аудио - және бейнематериалдар), әдістемелік көрнекі құралдардың және пәндер, кәсіптік практикалар, жазбаша-біліктілік жұмыстары, білім алушының өзіндік жұмыстары бойынша ұсынымдардың кітапханалық қорының болуы;

2) базалық жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, оқытылатын пән бейініне сәйкес келетін және жүйелі түрде педагогикалық, ғылыми-әдістемелік қызметпен айналысатын ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі. Практикалық денсаулық сақтаудан мамандық бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі базалық білімі бар білікті мамандар тартылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (01.09.2025 қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламалары мен жоспарлары жұмыс және жеке болып бөлінеді.

Оқу процесін жоспарлау кезінде оқу жоспарлары стандарттың 1-қосымшасына сәйкес ТЖКБ оқу жоспарының модельдері негізінде әзірленеді.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу жоспарларында міндетті компоненттің және оқу қызметінің әрбір түрінің (теориялық оқыту, өндірістік оқыту, кәсіптік практика, аралық және қорытынды аттестаттау) еңбек сыйымдылығы айқындалады, ал таңдау компоненті сағаттардың жалпы санымен көрсетіледі.

5. Білім беру бағдарламаларын ТЖКБ ұйымдары жұмыс берушілердің қатысуымен осы стандарттың 2-қосымшасында көзделген мамандық және біліктілік бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары түлегінің базалық және кәсіптік құзыреттіліктерінде көрсетілген оқытудың түпкілікті нәтижелеріне, кәсіптік стандарттар (бар болса) және WorldSkills (уолдскилс) кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарының негізінде дербес әзірлейді.

Білім беру бағдарламасының құрылымына паспорт, жұмыс оқу жоспары және жұмыс оқу бағдарламалары енеді.

Оқу жұмыс жоспары оқытудың барлық кезеңіне әзірленеді және ТжКБ ұйымының басшысымен бекітіледі.

6. Жұмыс оқу бағдарламалары оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленеді және ТжКБ ұйымы бекітеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (01.09.2025 қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ТжКБ ұйымы:

1) міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып пәндердің көлемі мен мазмұнын дербес айқындайды;

2) бір мамандық шеңберінде біліктіліктердің жүйелігін, тізбесін және санын айқындайды;

3) оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін, оқытудың әртүрлі технологияларын таңдайды.

8. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін мыналар әзірленеді:

1) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық меңгеруді көздейтін арнайы оқу бағдарламалары (ақыл-ойы сақталмаған адамдар үшін) ;

2) білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы негізінде жеке оқу бағдарламалары мен жоспарлары (ақыл-ойы сақталған адамдар үшін).

9. Оқу пәнін зерделеу және интеграциялау реттілігі, олардың әрқайсысы бойынша оқу уақытын курстар мен семестрлер бойынша бөлу пәнаралық байланыстарды ескере отырып жүргізіледі.

Оқу пәнінің атауы мен мазмұнын қалыптастыру кезінде ұқсас біліктіліктер бойынша білім берудің келесі деңгейінде оқыту нәтижелері мен кредиттердің сабақтастығы және қайта есептелуі қамтамасыз етіледі.

10. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша мамандық бейіні ескеріле отырып айқындалады.

Мамандық бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге: "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті", "Орыс тілі және әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі және әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Шетел тілі", "Математика", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери-технологиялық дайындық", "Физика", "Химия", "Биология", "География", "Графика және жобалау", "Дүниежүзі тарихы" және "Жаһандық құзыреттілік" курсы жатады.

"Дене шынықтыру" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және теориялық оқыту кезеңінде аптасына кемінде 3 сағат жоспарланады, оның ішінде факультативтік сабақтар немесе спорт секциялары есебінен аптасына 1 сағат жоспарлауға жол беріледі.

Білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша сабақтар қыздарға ұлдармен бірге "Медициналық білім негіздері" бөлімі бойынша – бөлек өткізіледі. Алғашқы әскери дайындық курсы аяқталғаннан кейін білім алушылармен жергілікті әскери басқару органдарымен бірлесіп оқу-далалық (лагерь) жиындар өткізіледі. Оқу-далалық жиын кезеңінде қыз балалар медицина жұмыскерінің жетекшілігімен ТжКБ ұйымдарында медициналық-санитариялық дайындықтан өтеді. " Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу бағдарламасының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәнінің шеңберінде жүзеге асырылады;

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ТжКБ бағдарламалары міндетті пәндермен қатар ТжКБ ұйымы айқындайтын пәндерді, факультативтік сабақтар мен консультацияларды қамтиды.

12. ТжКБ-ның білім беру бағдарламалары теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практика оқу, өндірістік және дипломалды болып бөлінеді. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарымен және жұмыс оқу бағдарламаларымен айқындалады.

Дуальды оқытуды пайдаланылатын ТжКБ-ның білім беру бағдарламалары білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кемінде 60% өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы көздейді.

13. Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалау әртүрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар (жұмыстар) пәнді, соның ішінде модульге біріктірілген пәнді оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және аралық аттестаттауды өткізу нысандарын, тәртібі мен кезеңділігін дербес таңдайды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті; оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін орыс тілі, қазақ тілі және әдебиеті; Қазақстан тарихы, математика және мамандық бейініне сәйкес білім беру ұйымының таңдау пәні бойынша емтихандар өткізуді көздейді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар "Жалпы білім беретін пәндер" модуліне бөлінген кредиттер және (немесе)/ сағаттар есебінен өткізіледі.

ТЖКБ білім беру бағдарламасының аяқталуына қарай қорытынды аттестаттау өткізіледі.

Оны өткізуге арналған оқу уақытының көлемі 2 аптадан аспайтын уақытты құрайды.

Қорытынды аттестаттау ТЖКБ бағдарлама түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау болып табылады және:

- 1) білімді бағалау;
- 2) дағдыларды бағалаудан тұрады.

Қорытынды аттестаттау білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ұйымдармен келісілген мерзімде өткізіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламасының түлектерін қорытынды бағалаудың, қорытынды аттестаттаудың (мемлекеттік емтихан) оң нәтижелері білім деңгейі туралы құжатты және маман сертификатын алуға құқық береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

14. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспайды.

Білім алушының оқу жүктемесін айқындау кезінде оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестрлерден), аралық аттестаттау кезеңдерінен, практикалардан және (немесе) өндірістік оқытудан, каникулдардан, қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұратынын ескеру қажет.

Оқу жылындағы оқу жүктемесінің жалпы саны кемінде 75 кредитті немесе кемінде 1800 академиялық сағатты құрайды. Студенттің педагогтың жетекшілігімен аудиториялық жұмысы және өзіндік жұмысының көлемі (бұдан әрі – ПСӨЖ) жылына 60 кредитті /1440 сағатты құрайды, бұл ретте ПСӨЖ көлемі әрбір пән көлемінің отыз пайызынан аспайды. Студенттің өзіндік жұмыс көлемі (бұдан әрі – СӨЖ) жылына 15 кредитті/360 сағатты құрайды.

Дуальды оқыту кезінде СӨЖ оқу жоспарларында көзделмейді.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар көзделген.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Міндетті оқу сабақтары уақытының көлемі кешкі оқыту нысаны үшін күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен 70%-ды құрайды.

4-тарау. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

16. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар оқу жүктемесінің көлеміне (кредиттер санына) және түлектердің құзіреттіліктеріне қойылатын жалпы талаптардың біріктірілуімен анықталады.

Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің, кәсіптік стандарттар дескрипторларымен айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелерінен байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетеді.

Дескрипторлар даярлаудың мынадай деңгейлеріне қол жеткізген кезде білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

білікті жұмысшы кадрларды даярлау кезінде: қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

орта буын мамандарын даярлау кезінде: маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

5-тарау. Оқу уақытына қойылатын талаптар

17. Үлгідегі білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және (немесе) санына байланысты болады және МЖМБС модельдеріне сәйкес көзделген кредиттердің және (немесе) сағаттардың көлемімен айқындалады.

18. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. Каникул уақыты жылына 11 аптаны, оның ішінде қысқы кезеңде – кемінде 2 аптаны құрайды.

Техникалық және кәсіптік
білім берудің мемлекеттік
жалпыға міндетті білім беру
стандартына
1- қосымша

Білікті жұмысшы кадрлар деңгейлеріне арналған модульдік оқыту технологиясы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Циклдердің және оқу жұмысының атауы	Кредит/сағат саны			
		ЕББҚ бар тұлғалар үшін (ақыл-ойы сақталмаған)	негізгі орта білім базасында	жалпы орта білім базасында	техникалық және кәсіптік білім, жоғары білім базасында
1	2		3	4	5
	Білікті жұмысшы кадрлар				
1	Жалпы білім беру пәндері	+	75 (60+15 СӨЖ) /1800(1440+360 СӨЖ)	-	-
2	Жалпы гуманитарлық пәндер	+	+	+	+
3	Жалпы кәсіптік пәндер	+	+	+	+
4	Арнайы пәндер	+	+	+	+
5	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика*		жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің жалпы көлемінің кемінде 40%		
6	Аралық аттестаттау	+	+	+	+
7	Қорытынды аттестаттау	+	+	+	+
	Міндетті оқыту қорытындысы	120/2880	150 (120+30)/3600 (2880+720 СӨЖ) – 225 (180+45)/5400 (4320+1080 СӨЖ)**	75 (60+15)/1800 (1440+360 СӨЖ) – 150 (120+30)/3600 (2880+720 СӨЖ)**	75 (60+15)/1800 (1440+360 СӨЖ)
8	Факультативтік сабақтар	аптасына 4 сағаттан аспайды			
9	Консультация	оқу жылына 100 сағаттан аспайды			
	Білім алушының оқу жүктемесінің жалпы саны кредитпен/сағатпен	138/3312	168 (138+30)/4032 (3312+720) – 252 (207+45)/6048 (4968+1080 СӨЖ)**	84 (69+15)/2016 (1656+360) – 168 (138+30)/4032 (3312+720 СӨЖ)**	84 (69+15)/2016 (1656+360 СӨЖ)

	Орта буын маманы				
1	Жалпы білім беру пәндері		75 (60+15 СӨЖ) /1800 (1440+360 СӨЖ)	-	-
2	Жалпы гуманитарлық пәндер		+	+	+
3	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		+	+	+
4	Жалпы кәсіптік пәндер		+	+	+
5	Арнайы пәндер		+	+	+
6	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика*		жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің жалпы көлемінің кемінде 40%		
7	Аралық аттестаттау		+	+	+
8	Қорытынды аттестаттау		+	+	+
	Міндетті оқыту қорытындысы	-	225 (180+45)/5400 (4320+1080 СӨЖ) – 300 (240+60)/7200 (5760+1440 СӨЖ)	150 (120+30)/3600 – 225 (180+45)/5400 (4320+1080 СӨЖ)	75 (60+15)/1800 (1440+360 СРС) – 150 (120+30)/3600 (2880+720 СӨЖ) **
9	Факультативтік сабақтар		аптасына 4 сағаттан аспайды		
10	Консультация		оқу жылына 100 сағаттан аспайды		
	Білім алушының оқу жүктемесінің жалпы саны кредитпен/сағатпен		252 (207+45)/6048 (4968+1080 СӨЖ) – 336 (276+60)/8064 (6624+1440 СӨЖ)**	168 (138+30)/4032 (3312+720 СРС) – 252 (207+45)/6048 (4968+1080 СӨЖ)**	84 (69+15)/2016 (1656+360)-168 (138+30)/4032 (3312+720)**

Ескертпе:

ЕБҚ – ерекше білім беру қажеттіліктері ;

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы.

* оның ішінде жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша зертханалық-практикалық сабақтар, курстық және дипломдық жобалау.

** біліктіліктің күрделілігіне байланысты анықталады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына
2- қосымша

Мамандықтар мен біліктіліктер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары түлегінің базалық және кәсіптік құзыреттері

09110100 – "Стоматология" мамандығы

3W09110101 – "Стоматологиялық гигиенашы" біліктілігі

№	Құзыреттер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері. Бітіруші қабілетті болады:
БҚ-1	Оқыту. Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, жеке және топта мақсатты бағытталған белсенді оқуға қабілеттілігі.	БҚ-1.1	Өзін-өзі дамыту: өзінің үздіксіз кәсіби дамуын ұзақ мерзімді жоспарлайды және қойылған мақсаттарға жету үшін оқытудың ең тиімді әдістерін таңдайды.
		БҚ-1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: қиын жағдайларда мәселелерді және әлеуетті шешу жолдарын анықтайды, фактілерді, пайымдауларды қисынды талдайды, қорытындылайды және негізделген шешімдер қабылдайды.
БҚ-2	Этика және кәсіпқойлық. Стоматологиялық көмек көрсету процесінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларды ұстанатынын көрсетеді. Сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды.	БҚ-2.1	Қоғамдастықтағы қоғамдық рөл: қоғамдық өмірге белсенді қатысады, қоғамда дантистердің рөлін нығайтуға ықпал етеді, әртүрлі мәдени және жас топтары адамдармен өзара іс-қимыл кезінде төзімділік танытады, субординация мен кәсіби ынтымақтастық сақтайды.
		БҚ-2.2	Этикалық қағидаттар: кәсіби этикалық қағидаттарға бейілділігін көрсетеді, құпиялылықты сақтайды, пациенттердің/клиенттердің, отбасылар мен топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелер туындаған.

			кезде сыни бағалайды және шешімдер қабылдайды.
		БҚ-2.3	Эстетика: жұмыс ортасының эстетикасын бағалайды және қолдайды, пациент үшін эстетикалық жайлылықты жасау және дүниетанымды байытуға үздіксіз ұмтылады.
БҚ-3	Байланыс және командада жұмыс істеу. Технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады.	БҚ-3.1	Коммуникативтік дағдылар: мәдениет, сенім, салт-дәстүр, өмір салты және түрлі тілдердегі дүниетаным бойынша ерекшеленетін адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді.
		БҚ-3.2	Командада жұмыс істеу: бірлескен жұмыстың нәтижелілігі мақсатында әр түрлі кәсіби командаларда жұмыс істей отырып, өзін-өзі басқарудың жеке дағдыларын көрсетеді.
		БҚ-3.3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
	Денсаулықты нығайту. Пациенттерді/ клиенттерді,	КҚ -1.1	Салауатты өмір салты: халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған профилактикалық жұмысты реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі және пайдаланады, салауатты өмір салтының ұлттық және халықаралық стратегиялық бағдарламаларының әдістері мен технологияларын меңгерген.

КҚ -1	отбасыларды және халық топтарын тиімді бақылау және кеңес беру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықты нығайту.	КҚ -1.2	Бақылау: созылмалы ж а н е әлеуметтік-маңызды аурулары бар пациенттерді диспансерлік бақылауды жүзеге асырады.
		КҚ -1.3	Консультация беру: Әр түрлі әдістерді пайдалана отырып пациенттер мен оның отбасы мүшелерін денсаулықты сақтау, күтім жасау және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша оқытады, қауіп және қорғану факторларын анықтайды.
КҚ -2	Қауіпсіздік және сапа. Дәлелді білімді, технологиялық жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдану негізінде стоматологиялық күтімнің сапасы мен қауіпсіздігін сақтайды.	КҚ -2.1	Күтім және орта қауіпсіздігі: дәлелді білімге және клиникалық дағдылардың кең спектріне сәйкес қауіпсіз күтім жасайды, зиянды факторлардың әсерінен адамдарды қорғаудың заманауи технологиялары мен тиімді әдістерін пайдаланады, қауіпсіз фармакотерапияны жүзеге асырады.
		КҚ -2.2	Сапа: сапа индикаторларына сәйкес өз қызметін бағалайды. Өзінің жұмыс контекстінде күтім сапасын арттырады.
КҚ -3	Клиникалық құзыреттілік . Стоматолог гигиенистінің құзыреті шегінде пациент орталықтандырылған стоматологиялық процессті жүзеге асырады және білімін көрсетеді	КҚ -3.1	Өз құзыреті шегінде медициналық рәсімдерді жүргізу дағдыларын көрсетеді.
		КҚ -3.2	Стоматологиялық ауруларды емдеуде стоматолог дәрігерге көмек көрсете білу
		КҚ -3.3	Ауыз қуысының кәсіби және жеке гигиенасы бойынша дағдыларды көрсетеді.

09110100 – "Стоматология" мамандығы

4S09110102 – "Дантист" біліктілігі

--	--	--	--

№	Құзыреттер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері. Бітіруші қабілетті болады:
БҚ-1	Оқыту. Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, жеке және топта мақсатты бағытталған белсенді оқуға қабілеттілігі.	БҚ-1.1	Өзін-өзі дамыту: өзінің үздіксіз кәсіби дамуын ұзақ мерзімді жоспарлайды және қойылған мақсаттарға жету үшін оқытудың ең тиімді әдістерін таңдайды.
		БҚ-1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: қиын жағдайларда мәселелерді және әлеуетті шешу жолдарын анықтайды, фактілерді, пайымдауларды қисынды талдайды, қорытындылайды және негізделген шешімдер қабылдайды.
БҚ-2	Этика және кәсіпқойлық. Стоматологиялық көмек көрсету процесінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларды ұстанатынын көрсетеді. Сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды.	БҚ-2.1	Қоғамдастықтағы қоғамдық рөл: қоғамдық өмірге белсенді қатысады, қоғамда дантистердің рөлін нығайтуға ықпал етеді, әртүрлі мәдени және жас топтары адамдармен өзара іс-қимыл кезінде төзімділік танытады, субординация мен кәсіби ынтымақтастық сақтайды.
		БҚ-2.2	Этикалық қағидаттар: кәсіби этикалық қағидаттарға бейілділігін көрсетеді, құпиялылықты сақтайды, пациенттердің/клиенттердің, отбасылар мен топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелер туындаған кезде сыни бағалайды және шешімдер қабылдайды.
			Эстетика: жұмыс ортасының эстетикасын бағалайды және

		БҚ-2.3	қолдайды, пациент үшін эстетикалық жайлылықты жасау және дүниетанымды байытуға үздіксіз ұмтылады.
БҚ-3	Байланыс және командада жұмыс істеу. Технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады.	БҚ-3.1	Коммуникативтік дағдылар: мәдениет, сенім, салт-дәстүр, өмір салты және түрлі тілдердегі дүниетаным бойынша ерекшеленетін адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді.
		БҚ -3.2	Командада жұмыс істеу: әр түрлі кәсіби командаларда жұмыс істеуді көрсетеді, бірлескен жұмыстың нәтижелілігі мақсатында өзін-өзі басқарудың жеке дағдыларын көрсетеді.
		БҚ-3.3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
КҚ -1	Денсаулықты нығайту. Пациенттерді/ клиенттерді, отбасыларды және халық топтарын тиімді бақылау және кеңес беру арқылы	КҚ -1.1	Салауатты өмір салты: халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған профилактикалық жұмысты реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі және пайдаланады, салауатты өмір салтының ұлттық және халықаралық стратегиялық бағдарламаларының әдістері мен технологияларын меңгерген.
		КҚ -1.2	Бакылау: созылмалы және элеуметтік-маңызды аурулары бар пациенттерді диспансерлік бақылауды жүзеге асырады.

	салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықты нығайту.	КҚ -1.3	Консультация беру: пациенттер мен оның отбасы мүшелерін денсаулықты сақтау, күтім жасау және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша оқытады, қауіп және қорғану факторларын анықтайды. Әр түрлі әдістерді пайдалана отырып, жеке және отбасылық деңгейде алдын алу іс-әрекеттерін жоспарлайды және орындайды.
КҚ -2	Қауіпсіздік және сапа. Дәлелді білімді, технологиялық жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдану негізінде мейіргерлік күтім сапасы мен қауіпсіздігін сақтайды.	КҚ -2.1	Күтім және орта қауіпсіздігі: дәлелді білімге және клиникалық дағдылардың кең спектріне сәйкес қауіпсіз күтім жасайды, зиянды факторлардың әсерінен адамдарды қорғаудың заманауи технологиялары мен тиімді әдістерін пайдаланады, қауіпсіз фармакотерапияны жүзеге асырады.
		КҚ -2.2	Сапа: сапа индикаторларына сәйкес өз қызметін бағалайды. Өзінің жұмыс контексінде күтім сапасын арттырады.
КҚ -3	Клиникалық құзыреттілік . Дәлелді стоматологиялық практика принциптеріне негізделген орталықтанған стоматологиялық	КҚ -3.1	Пациент – орталықтанған стоматологиялық күтім: пациенттердің қажеттілігін анықтайды, пациент-орталықтанған жоспарды жасайды және енгізеді, күтім нәтижелерін құжаттайды және бағалайды. Пациенттің және отбасының қатысуымен стоматологиялық шешімдерді қабылдайды.
		КҚ -3.2	Оңалту: оңалту және сауықтыру тәсілін қолдана отырып, пациенттердің функционалды

	процесс-пациент білімін көрсетеді және жүзеге асырады.		қабілеттерін бағалайды және жақсартуға ықпал етеді.
		КҚ -3.3	Дәлелді стоматологиялық практика : стоматологиялық күтім көрсетеді және дәлелді білім негізінде шешім қабылдайды. Клиникалық шешім қабылдау үшін орынды медициналық ақпаратты пайдаланады.

09110100 – "Стоматология" мамандығы

4S09110103 – "Стоматолог дәрігердің көмекшісі" біліктілігі

№	Құзыреттер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері. Бітіруші қабілетті болады:
БҚ-1	Оқыту. Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, өзінің оқу қажеттіліктерін мойындайды және оқу мақсатын қояды.	БҚ-1.1	Өзін-өзі дамыту: өзінің үздіксіз кәсіби дамуын ұзақ мерзімді жоспарлайды және қойылған мақсаттарға жету үшін оқытудың ең тиімді әдістерін таңдайды .
		БҚ-1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: қиын жағдайларда мәселелерді және әлеуетті шешу жолдарын анықтайды, фактілерді, пайымдауларды қисынды талдайды және оның кәсіби қызметі шеңберінде негізделген шешімдер қабылдайды.
	Этика және кәсіпқойлық. Стоматологиялық көмек көрсету процесінде	БҚ-2.1	Қоғамдастықтағы қоғамдық рөл: қоғамдық өмірге белсенді қатысады , қоғамда дантистердің рөлін нығайтуға ықпал етеді, әртүрлі мәдени және жас топтары адамдармен өзара іс-қимыл кезінде төзімділік танытады, субординация мен кәсіби ынтымақтастықты сақтайды.
			Этикалық қағидаттар: кәсіби этикалық

БҚ-2	<p>пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларды ұстанатынын көрсетеді. Оң жұмыс жағдайын қолдайды</p>	БҚ-2.2	<p>қағидаттарға бейілділігін көрсетеді, құпиялылықты сақтайды, пациенттердің/ клиенттердің, отбасылар мен топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелер туындаған кезде сыни бағалайды және шешімдер қабылдайды.</p>
БҚ-3	<p>Байланыс және командада жұмыс істеу. Технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады.</p>	БҚ-3.1	<p>Коммуникативтік дағдылар: мәдениет, сенім, салт-дәстүр, өмір салты және түрлі тілдердегі дүниетаным бойынша ерекшеленетін адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді.</p>
		БҚ-3.2	<p>Командада жұмыс істеу: әр түрлі кәсіби командаларда жұмыс істей отырып, бірлескен жұмыстың нәтижелілігі мақсатында Өзін-өзі басқарудың жеке дағдыларын көрсетеді.</p>
		БҚ-3.3	<p>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.</p>
			<p>Салауатты өмір салты: халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған профилактикалық жұмысты реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі және</p>

КҚ -1	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: кәсіби мақсатта тиімді ақпарат алмасу үшін әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады.	КҚ 1.1	пайдаланады, салауатты өмір салтының ұлттық және халықаралық стратегиялық бағдарламаларының әдістері мен технологияларын меңгерген.
		КҚ -1.2	Бақылау: созылмалы және әлеуметтік-маңызды аурулары бар пациенттерді диспансерлік бақылауды жүзеге асырады.
		КҚ -1.3	Консультация беру: пациенттер мен оның отбасы мүшелерін денсаулықты сақтау, күтім жасау және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша оқытады, қауіп және қорғану факторларын анықтайды. Әр түрлі әдістерді пайдалана отырып, жеке және отбасылық деңгейде алдын алу іс-әрекеттерін жоспарлайды және орындайды.
КҚ -2	Қауіпсіздік және сапа. Дәлелді білімді, технологиялық жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдану негізінде мейіргерлік күтім сапасы мен қауіпсіздігін сақтайды.	КҚ -2.1	Қауіпсіздік және сапа. Дәлелді білімді, технологиялық жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдану негізінде мейіргерлік күтім сапасы мен қауіпсіздігіне жауап береді.
		КҚ -2.2	Сапа: сапа индикаторларына сәйкес өз қызметін бағалайды. Өзінің жұмыс контексінде күтім сапасын арттырады.
КҚ -3	Клиникалық құзыреттілік . Стоматолог дәрігердің көмекшісінің құзыреті шегінде орталықтандырылған стоматологиялық	КҚ -3.1	Өз құзыреті шегінде медициналық манипуляцияларды орындау дағдыларын көрсетеді

процесс-пациент білімін көрсетеді және жүзеге асырады	КҚ -3.2	Стоматологиялық ауруларды емдеуде стоматолог дәрігерге көмек көрсете білу
---	---------	---

09110200 – "Ортопедиялық стоматология" мамандығы

4S09110201 – "Тіс технигі" біліктілігі

№	Құзыреттер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері. Бітіруші қабілетті болады:
БҚ-1	Оқыту. Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, өзінің оқу қажеттіліктерін мойындайды және оқу мақсатын қояды.	БҚ-1.1	Өзін-өзі дамыту: өзінің үздіксіз кәсіби дамуын ұзақ мерзімді жоспарлайды және қойылған мақсаттарға жету үшін оқытудың ең тиімді әдістерін таңдайды.
		БҚ-1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: қиын жағдайларда мәселелерді және әлеуетті шешу жолдарын анықтайды, фактілерді, пайымдауларды қисынды талдайды және оның кәсіби қызметі шеңберінде негізделген шешімдер қабылдайды.
БҚ-2	Этика және кәсіпқойлық. Стоматологиялық көмек көрсету процесінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларды ұстанатынын көрсетеді. Сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды	БҚ-2.1	Қоғамда қоғамдық рөлі: қоғамдық өмірге белсенді қатысады, әртүрлі мәдени және жас топтары адамдармен өзара іс-қимыл кезінде төзімділік танытады, субординация мен кәсіби ынтымақтастық сақтайды.
		БҚ-2.2	Этикалық қағидаттар: кәсіби этикалық қағидаттарға бейілділігін көрсетеді, құпиялылықты сақтайды, пациенттердің/ клиенттердің, отбасылар мен топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелер туындаған кезде сыни бағалайды.

		БҚ-2.3	Эстетика: жұмыс ортасының эстетикасын бағалайды және қолдайды, пациент үшін эстетикалық жайлылықты жасау және дүниетанымды байытуға үздіксіз ұмтылады.
БҚ-3	Байланыс және командада жұмыс істеу. Технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады.	БҚ-3.1	Коммуникативтік дағдылар: мәдениет, сенім, салт-дәстүр, өмір салты және түрлі тілдердегі дүниетаным бойынша ерекшеленетін адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді.
		БҚ-3.2	Командада жұмыс істеу: әр түрлі кәсіби командаларда жұмыс істей отырып, жауапкершілікті көрсетеді, бірлескен жұмыстың нәтижелілігі мақсатында Өзін-өзі басқарудың жеке дағдыларын көрсетеді.
		БҚ-3.3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
	Денсаулықты нығайту. Пациенттерді/ клиенттерді, отбасыларды және халық	КҚ -1.1	Салауатты өмір салты: халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған профилактикалық жұмысты реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі және пайдаланады, салауатты өмір салтының ұлттық және халықаралық стратегиялық бағдарламаларының әдістері мен технологияларын меңгерген.
		Бақылау: созылмалы ж а н е әлеуметтік-маңызды	

КҚ -1	топтарын тиімді бақылау және кеңес беру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықты нығайту.	КҚ -1.2	аурулары бар пациенттерді диспансерлік бақылауды жүзеге асырады.
		КҚ -1.3	Кеңес беру: пациенттер мен оның отбасы мүшелерін денсаулықты сақтау, күтім жасау және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша оқытады, қауіп және қорғану факторларын анықтайды. Әр түрлі әдістерді пайдалана отырып, жеке және отбасылық деңгейде алдын алу іс-әрекеттерін жоспарлайды және орындайды.
КҚ -2	Қауіпсіздік және сапа. Дәлелді білімді, технологиялық жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдану негізінде науқастарға сапалы және қауіпсіз күтім көрсетеді.	КҚ -2.1	Күтім және орта қауіпсіздігі: дәлелді білімге және зертханалық дағдылардың кең спектріне сәйкес қауіпсіз күтімді орындайды, зиянды факторлардың әсерінен адамдарды қорғаудың заманауи технологиялары мен тиімді әдістерін пайдаланады, қауіпсіз фармакотерапияны жүзеге асырады.
		КҚ -2.2	Сапа: сапа индикаторларына сәйкес өз қызметін бағалайды. Пациенттерге кәсіби күтім көрсетеді.
КҚ -3	Кәсіби құзыреттілік. кәсіби қызметтің күнделікті өмірінде алған білімдерін көрсетеді және қолданады, этикалық-деонтологиялық принциптер негізінде пациенттермен қарым-қатынас жасау дағдыларын және	КҚ -3.1	Алынған білімді адам денесінің құрылысын және оның жас ерекшеліктерін зерттеу кезінде қолдану
		КҚ -3.2	Халықты қорғаудың негізгі тәсілдері туралы, төтенше жағдайларда халықты қорғау кезіндегі іс-шаралар кешені туралы білімді меңгеру
			Дағдыларды көрсетеді: науқасты тексеру, емдеу және алдын алу

	заманауи әдістерді қолдана отырып тіс протездерін жасау.	КҚ -3.3	шараларын жүргізу, шұғыл жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсету.
--	--	---------	---

09120100 – "Емдеу ісі" мамандығы

4S09120101 – "Фельдшер" біліктілігі

№	Құзыреттіліктер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері Бітіруші меңгереді:
БҚ-1	Оқыту. Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, өзінің оқу қажеттіліктерін мойындайды және оқу мақсатын қояды.	БҚ-1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.
		БҚ-1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.
		БҚ-1.3	Ақпаратты басқару: ақпаратқа қажеттілікті, ақпараттық іздестірудің басым бағыттарын анықтайды, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты өз бетінше табады және сыни бағалайды, алынған ақпаратты практикада жариялайды және қолданады.
		БҚ-1.4	Компьютерлік технологиялар: жұмыста және өзін-өзі дамытуда ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданады
БҚ-2	Этика және кәсіпқойлық. Жедел медициналық көмек көрсету барысында пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен	БҚ-2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады.
		БҚ-2.2	Этикалық принциптер: кәсіби этикалық принциптерге бейілділігін көрсетеді.

	нормаларға бейілділігін көрсетеді. Сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды	БҚ-2.3	Эстетика: жұмыс ортасының эстетикасын бағалайды және қолдайды.
БҚ-3	Коммуникация және топта жұмыс істеу. Технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады.	БҚ-3.1	Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді
		БҚ -3.2	Топта жұмыс істеу: әртүрлі топтарда жұмыс істеуді көрсетеді
		БҚ-3.3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
КҚ -1	Денсаулықты нығайту. пациенттерді/клиенттерді , отбасыларды және халық топтарын тиімді бақылау және консультация беру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықты нығайту.	КҚ -1.1	Салауатты өмір салты: индивидуумдарда, отбасыларда және халық топтарында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған қызметті жүзеге асырады.
		КҚ -1.2	Бақылау: әртүрлі қауіп тобындағы пациенттер мен адамдарды тиімді бақылауды жүзеге асырады.
		КҚ -1.3	Консультация беру: пациентке / клиентке және оның отбасына денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері бойынша кеңес беру дағдыларын меңгерген.
	Қауіпсіздік және сапа. дәлелді білімді, технологиялық	КҚ -2.1	Зиянды факторлардан қорғау: адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі үшін зиянды факторлардың әсерінен қорғау әдістерін қолданады.
			Қауіпсіздік және сапа технологиялары: көрсетілетін қызметтердің сапасын

КҚ-2	жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдану негізінде шұғыл көмек көрсетудің сапасы мен қауіпсіздігіне жауап береді.	КҚ -2.2	жақсарту және қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін инновациялық технологияларды пайдаланады.
		КҚ -2.3	Медициналық қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін дәлелді білімді тиімді қолдану негізінде пациенттерге шұғыл көмек көрсетеді.
КҚ-3	Клиникалық құзыреттілік . Дәлелді практика принциптеріне негізделген пациент - орталандырылған көмек бойынша білімін көрсетеді және жүзеге асырады.	КҚ -3.1	Медициналық көмек көрсету үрдісін басқару: ортақ жауапкершілік негізінде жеке-бағытталған тәсілді қолдана отырып, диагностиканы, емдеуді және алдын - алуды жүзеге асырады, емделушілердің әртүрлі санаттарына емдеу және шұғыл көмек көрсету әдістерін меңгереді, әртүрлі санаттағы пациенттерді диагностикалаудың, емдеудің, оңалтудың заманауи әдістерін қолданады, шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда медициналық көмек көрсету бойынша фельдшерлік іс-әрекетінің алгоритмін қолданады, фельдшерлік мінез-құлықты және клиникалық ойлауды меңгерген, аурулар мен қиын жағдайларда қарқынды терапия мен реанимацияның қазіргі заманғы әдістерін қолданады, жүргізілген диагностикалық және емдік іс-шаралардың тиімділігін бағалайды, санитарлық-профилактикалық іс-шаралар кешенін

		жүзеге асырады, салауатты өмір салтын насихаттайды.
	КҚ-3.2	Дәлелді тәжірибе: әрбір науқасты диагностикалау , емдеу және оңалту үшін медицинадағы ең тиімді заманауи жетістіктерді пайдаланады, алдын алу, диагностикалық және емдеу іс-шараларын олардың тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелдеріне сүйене отырып қолданады.
	КҚ-3.3	Оңалту: тиімді оңалту негізінде пациенттің функционалдық қабілетін жақсартады.

09130100 – "Мейіргер ісі" мамандығы

3W09130101 – "Кіші мейіргер",

3W09130102 – "Массажист*"

4S09130103 – "Жалпы практикадағы мейіргер" біліктіліктері

№	Құзыреттіліктер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері Бітіруші меңгереді:
БҚ-1	Оқыту. Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып оқу мақсатын қояды.	БҚ-1.1	Өзін – өзі дамыту: өзінің үздіксіз кәсіби дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау және қойылған мақсаттарға жету үшін оқытудың ең тиімді әдістерін таңдайды.
		БҚ-1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: қиын жағдайларда мәселелерді және әлеуетті шешу жолдарын анықтайды, фактілерді, пайымдауларды қисынды талдайды және оның кәсіби қызметі шеңберінде негізделген шешімдер қабылдайды.
		БҚ-2.1	Қоғамдастықтағы қоғамдық рөл: қоғамдық өмірге белсенді қатысады , қоғамдағы мейіргерлердің рөлін нығайтуға ықпал етеді, әртүрлі мәдени және жас

БҚ-2	<p>Этика және кәсіпқойлық. Мейіргерлік көмек көрсету үрдісінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларға бейімділігін көрсетеді. Сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды</p>	<p>топтары адамдармен өзара іс-қимыл кезінде төзімділік танытады, субординация мен кәсіби ынтымақтастық сақтайды .</p>	
БҚ-3	<p>Байланыс және командада жұмыс істеу. технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады.</p>	<p>БҚ-2.2</p> <p>Этикалық қағидаттар: кәсіби этикалық қағидаттарға бейімділігін көрсетеді, құпиялылықты сақтайды, пациенттердің өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік шараларын түсінеді, пациенттердің / клиенттердің, отбасылар мен топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелер туындаған кезде сыни бағалайды және шешімдер қабылдайды.</p>	
БҚ-3		<p>БҚ-2.3</p> <p>Эстетика: жұмыс ортасының эстетикасын қолдайды және қолдайды , пациент үшін эстетикалық жайлылықты жасау және дүниетанымды байытуға үздіксіз ұмтылады.</p>	
БҚ-3		<p>БҚ-3.1</p> <p>Коммуникативтік дағдылар: мәдениет, сенім, салт-дәстүр, өмір салты және түрлі тілдердегі дүниетаным бойынша ерекшеленетін адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді.</p>	
БҚ-3		<p>БҚ -3.2</p> <p>Топта жұмыс істеу: әр түрлі кәсіби топтарда жұмыс істей отырып, жауапкершілікті көрсетеді, бірлескен жұмыстың нәтижелілігі мақсатында өзін-өзі басқарудың жеке дағдыларын көрсетеді.</p>	
БҚ-3			<p>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:</p>

		БҚ-3.3	кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
КҚ-1	Денсаулықты нығайту. Пациенттерді/ клиенттерді, отбасыларды және халық топтарын тиімді бақылау және кеңес беру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықты нығайту.	КҚ -1.1	Салауатты өмір салты: халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған алдын - алу жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі және пайдаланады, салауатты өмір салтының ұлттық және халықаралық стратегиялық бағдарламаларының әдістері мен технологияларын меңгерген.
		КҚ -1.2	Бакылау: созылмалы ж ә н е әлеуметтік-маңызды аурулары бар пациенттерді диспансерлік бақылауды жүзеге асырады.
		КҚ -1.3	Консультация беру: пациенттер мен оның отбасы мүшелерін денсаулықты сақтау, күтім жасау және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша оқытады, қауіп және қорғану факторларын анықтайды. Әр түрлі әдістерді пайдалана отырып, жеке және отбасылық деңгейде алдын алу іс-әрекеттерін жоспарлайды және орындайды.
	Қауіпсіздік және сапа. Дәлелді білімді, технологиялық жетістіктер мен кәсіби	КҚ -2.1	Күтім және орта қауіпсіздігі: дәлелді білімге және клиникалық дағдылардың кең спектріне сәйкес қауіпсіз күтім жасайды, зиянды факторлардың әсерінен адамдарды қорғаудың заманауи технологиялары

КҚ -2	дағдыларды тиімді қолдану негізінде сапалы және қауіпсіз мейіргерлік күтім көрсетеді.		мен тиімді әдістерін пайдаланады, қауіпсіз фармакотерапияны жүзеге асырады.
КҚ -3	Клиникалық құзыреттілік . Білімді көрсетеді және дәлелді мейіргерлік практика принциптеріне негізделген пациент-орталықтанған мейіргерлік үрдісті жүзеге асырады.	КҚ -2.2	Сапа: сапа индикаторларына сәйкес өз қызметін бағалайды. Пациенттерге кәсіби күтім көрсетеді.
		КҚ -3.1	Пациент-орталықтанған мейіргерлік күтім: пациенттердің қажеттілігін анықтайды, пациент-орталықтанған жоспарды жасайды және енгізеді, күтім нәтижелерін құжаттайды және бағалайды. Пациенттің және отбасының қатысуымен мейіргерлік шешімдер қабылдайды.
		КҚ -3.2	Оңалту: оңалту және сауықтыру тәсілін қолдана отырып, пациенттердің функционалдык қабілеттерін бағалайды және жақсартуға ықпал етеді.
КҚ -3.3	Дәлелді мейіргерлік практика: мейіргерлік күтімді көрсетеді және дәлелді білім негізінде шешім қабылдайды. Клиникалық шешім қабылдау үшін орынды медициналық ақпаратты пайдаланады.		

09130200 "Акушерлік іс" мамандығы

4S09130201 "Акушер" біліктілігі

№	Құзыреттіліктер	№ Қ	Бағдарламаны оқыту нәтижелері. Бітіруші меңгереді:
		БҚ-1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.
			Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу

БҚ-1	<p>Оқыту.</p> <p>Ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, өзінің оқу қажеттіліктерін мойындайды және оқу мақсатын қояды.</p>	БҚ-1.2	<p>жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.</p>
		БҚ-1.3	<p>Ақпаратты басқару: ақпаратқа қажеттілікті, ақпараттық іздестірудің басым бағыттарын анықтайды, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты өз бетінше табады және сыни бағалайды, алынған ақпаратты практикада жариялайды және қолданады.</p>
		БҚ-1.4	<p>Компьютерлік технологиялар: жұмыста және өзін-өзі дамытуда ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданады</p>
20. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі 35 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 20 академиялық кредит ЖК бөлінеді.

21. Бейіндік бағыттағы магистратурада магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлеміндегі БП циклінің көлемі 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 1 жыл және 1,5 жыл оқу мерзімімен 6 академиялық кредитті құрайды.

22. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БнП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 49 академиялық кредитті құрайды.

23. Бейіндік бағыттағы магистратурада БнП циклінің көлемі жоғары оқу орны дербес ЖК мен ТК арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 45 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

24. Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдетте, бірқатар білім салаларының қиылысында кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатқа ие.

25. ЖЖОКБҰ білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі ішінде № 391 Бұйрығымен бекітілген Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

26. Білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды ЖЖОКБҰ кредиттік оқыту технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады.

27. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратура колледждер, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау бойынша ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын іске асырады.

28. Бейіндік бағыт бойынша магистратура денсаулық сақтау жүйесі үшін басқарушы кадрлар мен сарапшыларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

29. Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті болып табылады:

1) магистранттардың практикалық дайындығы, оның ішінде әр түрлі тәжірибе түрлері, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалар;

2) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы.

30. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілетін практиканың екі түрін қамтиды:

- 1) БП цикліндегі педагогикалық ЖЖОКБҰ;
- 2) БНПцикліндегі зерттеу – диссертацияны орындау орны бойынша.

31. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістерінің практикалық дағдыларын дамыту мақсатында өткізіледі. Бұл ретте ЖЖОКБҰ қалауы бойынша бакалавриатта сабақ өткізуге тартылады.

32. Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі.

33. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндеуші пәндерциклінде өндірістік практиканы қамтиды.

БНП цикліндегі өндірістік практика оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

34. Зерттеу тәжірибесінің мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

35. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстары шеңберінде

магистранттың жеке жұмыс жоспарында (бұдан әрі-МҒЗЖ) инновациялық технологиялармен және жаңа түрлермен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

МҒЗЖ оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

Ғылыми-педагогикалық магистратурада МҒЗЖ ұзақтығы кемінде 24 кредит, бейіндік магистратурада (оқу мерзімі 1 жыл) және үздіксіз интеграцияланған білім беру кезінде МҒЗЖ – кемінде 13 кредит, бейіндік магистратурада (оқу мерзімі 1,5 жыл) – кемінде 18 кредит.

36. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерінәрбір кезеңінің соңында магистрант есеп түрінде рәсімделеді.

37. Магистранттың ғылыми-педагогикалық магистратурадағы ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келеді;
- 2) өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;
- 3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

- 4) ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалады;
- 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады;
- 6) тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделеді.

38. Магистранттың бейіндік магистратурадағы эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келеді;
- 2) ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және нақты практикалық ұсыныстардан, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерінен тұрады;
- 3) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалады;
- 4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

39. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарын орындау үшін академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

40. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі магистрлік диссертация болып табылады.

41. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияда бір сөз сөйлеуде ұсынылады.

42. ЖЖОКБҰ магистрантқа зерттеу нәтижелерін жариялауға көмек көрсетеді.

43. Оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға басшылық жасау үшін № 391 бұйрықтың біліктілік талаптарына сәйкес ғылыми жетекші тағайындалады.

Магистранттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

44. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны мен ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптарды ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

45. Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиат мәніне тексеруден өтеді, оны жүргізу қағидалары мен тәртібін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

46. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауды, оны ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

47. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

48. Бейінді магистратураны бітірген магистрантқа педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламаларын қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметке рұқсат етіледі.

49. Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

50. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерді бағалау болып табылады.

Қорытынды аттестаттаудың теріс ("қанағаттанарлықсыз") нәтижесін алған жағдайда түлек қорытынды аттестаттау комиссиясы айқындайтын мерзімде анықталған ескертулерді жойғаннан кейін қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша ағымдағы оқу жылында бір реттік қайта қорытынды аттестаттауға жіберіледі. Қорытынды аттестаттауды қайта тапсырған кезде теріс нәтиже ("қанағаттанарлықсыз") алған бітірушіге "Білім туралы" Заңның 39-бабының 6-тармағына сәйкес мамандығы (кәсібі) бойынша оқудың толық курсы аяқтағаны туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

51. ЖЖОКБҰ стандарт талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін көрсететін жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді, оның негізінде пәндер бойынша оқу жоспарлары (білім алушының оқу жұмыс жоспарлары, жеке оқу жоспарлары) және оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді.

Білім беру магистратурасының білім беру бағдарламалары модульдік оқыту қағидаты бойынша әзірленеді.

3-параграф Докторантурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар

52. Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және Ұйым орны компонентінің (бұдан әрі – ЖК) және таңдау компонентінің (бұдан әрі – ТК) пәндерін, практиканы қамтитын базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер (бұдан әрі – БнП) циклдерінен тұрады. Бұл ретте БП және БнП көлемінің арақатынасын ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

53. ТК пәндерінің тізбесін ЖЖОКБҰ өзі анықтайды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттілігі, жұмыс берушілердің үміттері, докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделері ескеріледі.

Пәндер мен модульдер бағдарламалары, әдетте, білімнің бірқатар бағыттарының түйісуінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатқа ие.

54. PhD докторантурада кадрлар даярлау магистратураның, резидентураның білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда,

"кіру" білім беру бағдарламасының алдыңғы білім беру деңгейінің оқу нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантураға менгеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

55. Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Пререквизиттер ретінде докторант тануды Ұйым Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсына алады.

56. Бейіндік бағыттағы магистрлер, сондай-ақ үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларын немесе резидентураны PhD докторантураға аяқтаған магистрлер келіп түскен кезде оларға пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

57. Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылыми сала үшін ғылымның денсаулық сақтау бағыты бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын және пәнді терең зерделеуді болжайды.

Бейін бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және денсаулық сақтау мен медицина салалары үшін ғылым бағыты бойынша пәндерді терең зерделеуді көздейді.

58. Докторантураның кәсіптік даярлау бойынша білім беру бағдарламалары PhD докторанттар немесе бейіні бойынша докторлар даярлауға арналған аккредиттелген бағдарламаларды іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтар тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленеді.

59. Практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – педагогикалық және зерттеу практикасы;

2) бейіндік докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін-өндірістік практика.

60. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдас бөлігі докторанттың ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДЭЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертацияны жазудан және оны қорғаудан құралады.

Докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

61. ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістердің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардың немесе қызмет салаларының ұйымдарында, оның ішінде шетелде міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

Шетелдік тағылымдамадан өту мерзімін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

62. Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ қойылатын талаптар:

1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі мәселелеріне сәйкестігі;

2) өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы;

3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

4) компьютерлік технологияны пайдалана отырып, деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделеді;

5) ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып жүргізіледі;

6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтиды.

Бейіні бойынша доктор бағдарламасы бойынша білім алушының ДЭЗЖ қойылатын талаптар:

1) докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының негізгі мәселелеріне сәйкес келеді;

2) өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы;

3) ғылымның, технологияның және өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделіп, интеграцияланған, функционалдық сипаттағы басқару мәселелеріне арналған нақты практикалық ұсыныстарды, тәуелсіз шешімдерді қамтиды;

4) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

63. Оқу жылы аяқталғаннан кейін жыл сайын докторант жеке жұмыс жоспарын орындау бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді.

64. Докторлық диссертация ДҒЗЖ кезеңінде жүргізіледі.

ДҒЗЖ қорытынды нәтижесі докторлық диссертация болып табылады.

65. Докторлық диссертацияны басқару үшін докторантқа оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде № 391 бұйрықтың біліктілік талаптарына сәйкес ғылыми басшылық тағайындалады.

Ғылыми басшылық алқалы басқару органының (Ғылыми кеңес, Академиялық кеңес , Сенат) шешімі негізінде ЖЖОКБҰ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

66. Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуына және академиялық адалдық принциптерінің сақталуына және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

67. Докторлық диссертация тақырыбы бірінші семестр ішінде анықталады және ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

68. Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық басымдықтарды, мемлекеттік бағдарламаларды, іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларын іске асыруға бағытталған.

69. Докторанттың ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері "Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына (бұдан әрі - № 127 Бұйрық) сәйкес ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда жарияланады.

70. Докторантураның білім беру бағдарламалары модульдік оқыту принципі бойынша құрылады.

71. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертация жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

Докторлық диссертация мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы жүзеге асыратын басқа авторлардың мәтінінен алынған мәтінді табу тұрғысынан тексеруден өтеді.

72. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын және оның дайындығының кәсіби стандарт пен докторантураның білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

73. Үздіксіз жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім берудің білім беру бағдарламасы білім алушылардың резидентура талаптарына сәйкес барлық талап етілетін құзыреттерді меңгеруін көздеуі, сондай-ақ бейіндік докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес 45 кредит көлемінде теориялық оқытуды қамтуы тиіс. Білім алушыларға ДЭЗЖ резидентура бағдарламасы бойынша оқу кезінде жүзеге асырылады. Білім алушының жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда кемінде 15 кредит көлемінде, оның ішінде шетелде міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделуі тиіс.

3-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

1-параграф Резидентурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

74. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі бір оқу жылы ішінде кемінде 70 академиялық кредитке (2100 академиялық сағат) сәйкес келеді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Оқу жылында аралық аттестаттаумен (немесе бітіру курсында қорытынды аттестаттаумен) аяқталатын екі академиялық кезең көзделеді. Бітіруші курсты қоспағанда, білім алушыларға жалпы ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайтын демалыс беріледі.

75. Резидентурада даярлау аудиториялық жұмысты, тәлімгердің жетекшілігімен дербес клиникалық жұмысты және білім алушының өзінің дербес жұмысын қамтиды. Теориялық даярлық көлемі оқу бағдарламасы көлемінен 20% -дан аспайды. Онлайн оқытуды пайдалана отырып өткізілетін сабақтардың ең аз көлемі оқу жоспары көлемінен 20 %-дан аспайтын көлемге жол беріледі.

Резидентурада онлайн оқытуды ұйымдастыру үшін ЖЖОБҰ-да, ғылыми-зерттеу институттарында/ғылыми орталықтарда мыналарды қамтамасыз етеді:

- өзінің ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (ақпараттық-білім беру порталы, веб-сайт, білім беруді кредиттік технологиямен қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесі, ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау жүйелері) және өзге де ақпараттық-білім беру ресурстары мен оқу процесін ұйымдастыру үшін жағдайлардың болуы;

- оқытуды басқару жүйесінде цифрлық контенттің, синхронды (бір уақытта 200 (екі жүз) пайдаланушыны қосу мүмкіндігі бар бейне-конференц байланысы үшін бағдарламалық қамтамасыз ету) және асинхронды оқыту, онлайн-прокторинг жүйелерінің функциялары бар цифрлық платформалардың болуы.

- оқу материалын қашықтан оқыту форматына тиімді бейімдей алатын, білім алушылардың үлгерімі мен кері байланысын бағалаудың тиімді жүйелерін әзірлей алатын білікті педагог кадрлардың онлайн оқыту;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау процесінің әділдігі мен объективтілігі;

- пәндерді оқытатын оқытушылар бейіні бойынша кемінде 3 жылда бір рет, бір оқу курсының көлемі кемінде 60 сағат біліктілікті арттырудан өтуді.

- оқу материалдарының "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес келу (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31672 болып тіркелген);

- барлық білім алушыларға, олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып және оқу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып материалдарының қолжетімділігін;

- оқыту кезінде білім алушыларға оқытушылар немесе техникалық мәселелер жөніндегі мамандар тарапынан қолдау және көмек алу мүмкіндігін беруді.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 29.11.2024 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф Магистратурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

76. Оқу жүктемесі магистрантқа оқу пәнін, модульді немесе магистратураның барлық білім беру бағдарламасын зерделеу үшін талап етілетін және магистратураның білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

77. Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін – дәрістерді, семинарларды, топтық сабақтарды, топтық жаттығуларды, практикалық сабақтарды, курстық жұмыстарды (жобаларды), практикалық және зертханалық жұмысты, практиканы, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдаманы, ғылыми-зерттеу жұмысын, магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауды, дербес жұмысты, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен орындалатын жұмысты қамтиды.

78. Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

79. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың барлық кезеңіне құрастырылады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, есептілік мерзімі мен нысаны);
- 3) практика (бағдарлама, база, есептілік мерзімі мен нысаны);
- 4) магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) негіздемесі мен құрылымы бар тақырыбы;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспары.

80. Магистранттың оқу жүктемесін айқындау кезінде оқу жылы нысанын ЖЖОКБҰ дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден тұрады (семестр – 15 апта, триместр –

10 апта, тоқсан – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңін (бітіру курсында) есепке алғанда.

81. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде білім алушы кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

82. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

83. Магистранттың семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын игеруіне жол беріледі. Магистранттардың жекелеген санаттары үшін оқыту нысаны мен технологиясына байланысты оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты ерекшеленеді және оны ЖЖОКБҰ дербес есептейді.

Пәнді бірнеше академиялық кезең ішінде игеруге жол беріледі.

84. Магистратура бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі өлшемі білім алушылардың игеруі болып табылады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит;

2) бейіндік магистратурада оқу мерзімі 1 жыл 60 академиялық кредит және оқу мерзімі 1,5 жыл 90 академиялық кредит беріледі.

3) "Медицина", "Педиатрия" үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламалары бойынша – кемінде 360 академиялық кредит; "Стоматология" – кемінде 300 академиялық кредит.

3-параграф Докторантурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

85. Оқу жүктемесі докторантқа оқу пәнді, модульді немесе докторантураның бүкіл білім беру бағдарламасын оқуға кететін уақытпен өлшенеді және докторантураның білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне жету үшін қажет.

86. Оқу жүктемесі докторанттың барлық оқу қызметін – дәрістерді, семинарларды, топтық сабақтарды, практикалық және зертханалық жұмысты, өндірістегі практиканы, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдаманы, ғылыми-зерттеу жұмысын (эксперименттік-зерттеу жұмысын), докторлық диссертацияны жазу мен қорғауды, дербес жұмысты, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмысты қамтиды.

87. Докторант ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

88. Докторанттың жеке жұмыс жоспары оқудың барлық кезеңіне құрастырылады және келесі бөлімдерден тұрады:

1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтылануы мүмкін);

2) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есептілік нысаны);

3) практика (бағдарлама, база, есептілік мерзімі мен нысаны);

4) докторлық диссертацияның негіздемесі мен құрылымы бар тақырыбы;

5) докторлық диссертацияны орындау жоспары;

б) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардың жоспары, оның ішінде шетелдік.

89. Докторанттың оқу жүктемесін айқындау кезінде оқу жылы нысанын Ұйым дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден тұрады (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңін (бітіру курсында) есепке алғанда.

90. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бір оқу жылында 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті меңгереді.

91. Бір академиялық несие 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

92. Осы стандарттың 96 және 97-тармақтарында көрсетілген оқу жүктемесі үлгілік оқу жүктемесін білдіреді. Докторанттың семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын меңгеруіне жол беріледі. Докторанттардың жекелеген санаттары үшін оқыту нысаны мен технологиясына байланысты оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты ерекшеленуі мүмкін және оны ЖЖОКБҰ дербес есептейді.

93. Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша доктор) даярлау бойынша білім беру процесі аяқталуының негізгі өлшемшарты докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

Резидентура және клиникалық бейіндегі докторантура бағдарламаларын қамтитын үздіксіз жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламасы резидентураның үлгілік оқу жоспарында белгіленген мерзімге қосымша кемінде 60 кредитті қамтуы тиіс.

Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгерген және диссертацияны сәтті қорғаған жағдайда докторантқа оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) (бейін бойынша доктор) дәрежесі беріледі.

4-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

1-параграф Резидентурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

94. Резидент-дәрігерлердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерінің негізінде айқындалады:

1) пациентке жетекшілік жасау: медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;

2) коммуникация және коллаборация: пациент үшін үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;

3) Қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;

4) Қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби емес командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;

5) зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті;

6) оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге де нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.

95. Резидентурада даярлау таңдалған мамандық бойынша медициналық көмек көрсету деңгейіне сәйкес келетін резидентура базаларында тиісті клиникалық және практикалық тәжірибе алу арқылы клиника жағдайындағы практикалық жұмысты қамтиды.

96. Резидентураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен адамдарға резидентураның тиісті мамандығы бойынша "дәрігер" біліктілігі беріледі және резидентураны бітіргені туралы куәлік тегін беріледі.

97. Резидентураны бітіргені туралы куәлікті ЖЖОКБҰ, ҒЗИ/ҰО береді , қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы, ЖЖОКБҰ, ҒЗИ/ҰО басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

2-параграф Магистратурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

98. Магистранттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің екінші деңгейіндегі Дублиндік дескрипторлар (магистратура) негізінде айқындалады және меңгерілген, оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері магистратураның бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

99. Дескрипторлар білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) денсаулық сақтау саласындағы зерттеулердің пәнаралық сипатын білетіндігін және түсінетіндігін көрсетеді;

2) денсаулық сақтау саласындағы зерттеу, кәсіби және педагогикалық қызметте қолданбалы сипаттағы жаңа білім мен дағдыларды алуға қабілетті;

3) ғылыми тәсілдер негізінде өз біліктілігінің шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешуге қабілетті;

4) ғылыми ақпаратты денсаулық сақтау саласын дамыту және өз біліктілігі шеңберінде жаңа тәсілдерді енгізу үшін пайдаланады;

5) ақпаратты, идеяларды, нәтижелерді, проблемалар мен шешімдерді денсаулық сақтау саласындағы біліктілік саласындағы кәсіпқойларға да, мамандарға да нақты және біркелкі жеткізеді;

6) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктерін негізге ала отырып, өзінің денсаулық сақтау саласындағы біліктілік саласындағы кәсіптік қызметін жоспарлайды;

7) кәсіби өсумен айналысады, өзін-өзі талдау дағдыларын, жоғары білім деңгейінде оқыту тәжірибесін көрсетеді.

100. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен адамдарға "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша "Медицина ғылымдарының магистрі" немесе "Денсаулық сақтау магистрі" дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) тегін беріледі.

Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға "Медицина магистрі", "Медициналық-профилактикалық іс" білім беру бағдарламасының түлектері үшін – "денсаулық сақтау магистрі" дәрежесі және дипломға қосымша (транскрипт) және (немесе) жалпыеуропалық қосымшасы (Diploma Supplement (диплом саплэмент) бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом, "Дәрігер" біліктілігі, "Медициналық-профилактикалық іс" білім беру бағдарламасының түлектері үшін – "Дәрігер-гигиенист, эпидемиолог" біліктілігі берілген интернатураны бітіргені туралы куәлік беріледі.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 24.05.2023 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. ЖЖОКБҰ бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплом саплэмент) тегін береді.

3-параграф Докторантурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

102. Докторанттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің үшінші деңгейіндегі (докторантура) Дублиндік дескрипторлар негізінде айқындалады және меңгерілген, оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген құзыреттерді көрсетеді.

103. Еуропалық жоғары білім кеңістігінің жан-жақты қамтылған біліктілік шеңбері шеңберіндегі үшінші деңгейдегі дескрипторлар білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) өз мамандығы бойынша денсаулық сақтау саласындағы жүйелі түсінікті көрсетеді, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістеріне ие;

2) денсаулық сақтаудың алдыңғы шебінде тұрған жаңа күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу үшін арнайы білімді қолданады;

3) тәуелсіз зерттеулер жүргізеді және ғылыми нәтижеге жұмыс істейді, денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың пайда болуына әкелетін жаңа идеялар мен жобаларды әзірлеуге тұрақты қызығушылық танытады;

4) кәсіби пікірталастарға ауызша немесе жазбаша түрде қатысады, зерттеу нәтижелерін халықаралық академиялық басылымдарда жариялайды;

5) идеяларды қалыптастырады, инновациялық қызметтің нәтижелерін болжайды, білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде ілгерілеуге ықпал етеді;

6) көптеген өзара байланысты факторлармен байланысты мәселелерді шешуді талап ететін жаңа контексте еңбек және оқу қызметінде көшбасшылық қасиеттерді, инновациялылықты және дербестікті көрсетеді;

7) өз құзыреті саласындағы тақырып бойынша мәртебесі бойынша тең, кең ғылыми қоғамдастықпен және қоғаммен қарым-қатынас жасайды;

8) өзін-өзі талдау дағдыларын, өмір бойы оқуға ұмтылысын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде оқыту тәжірибесін көрсетеді.

104. Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және сараптама нәтижелері бойынша ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ диссертациялық кеңестерінің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің оң шешімімен докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаларға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және "Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына сәйкес диплом және оның қосымшасы (транскрипт) беріледі.

105. PhD докторы дәрежесін алған тұлғалар ғылыми білімді тереңдету, мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешу үшін докторлықтан кейінгі бағдарламаны орындайды немесе ЖЖОКБҰтаңдаған жетекші ғалымның жетекшілігімен ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Бейінді докторантураның түлегі педагогикалық бейіндегі пәндер циклін меңгерген және педагогикалық практикадан өткен жағдайларда ғана ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысады. Бұл цикл қосымша академиялық кезең ішінде меңгеріледі (егер докторантураның білім беру бағдарламасында көзделмесе), оны аяқтағаннан кейін оған негізгі дипломға тиісті куәлік беріледі.

106. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы мен меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы мен меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, диссертацияны бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

5-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу мерзімдеріне қойылатын талаптар

1-параграф Резидентурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу мерзімдеріне қойылатын талаптар

107. Резидентурада оқу мерзімі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес игерілген академиялық кредиттер көлемімен айқындалады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және біліктілікті беру үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде резидентураның тиісті мамандығы бойынша дәрігер - резидентураның білім беру бағдарламасы осы стандартқа қосымшада ұсынылған резидентураның медициналық мамандықтары бойынша оқу бағдарламасының құрылымына сәйкес толық игерілді деп есептеледі

2-параграф Магистратурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу мерзімдеріне қойылатын талаптар

108. Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және магистр дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

109. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары негізінде екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- 1) оқу мерзімі екі жылдан кем емес ғылыми -педагогикалық;
- 2) оқу мерзімі бір жылдан кем емес бейіндік.

3-параграф Докторантурада денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу мерзімдеріне қойылатын талаптар

110. Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін немесе бейіні бойынша академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде докторантураның білім беру бағдарламасы толық игерілді деп есептеледі.

111. Докторантурада кадрлар даярлау кемінде үш жыл оқу мерзімімен магистратураның және резидентураның білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнынан
кейінгі білім берудің
мемлекеттік жалпыға
міндетті стандартына
қосымша

Резидентураның медициналық мамандықтары бойынша оқу бағдарламасының моделі

№	Пәндер мен қызмет түрлерінің атауы	Академиялық сағаттардың (кредиттердің) көлемі		
		2 жыл оқу	3 жыл оқу	4 жыл оқу
1	2	3	4	5
1	Бейіндеуші пәндер циклі	4020/134	6060/202	8100/270
1)	Міндетті компонент	3900/132	5820/19	7740/258
2)	Таңдау компоненті	120/4	240/8	360/12
2	Аралық аттестаттау	60/2	180/4	240/8
3	Қорытынды аттестаттау	60/2	60/2	60/2
	Жиыны	4200/140	6300/210	8400/280

Ескертпе:

* Аралық және қорытынды аттестаттауға бөлінетін академиялық сағаттардың (кредиттердің) саны жалпы еңбек сыйымдылығына кіреді.

Денсаулық сақтау саласындағы күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 12007 болып тіркелген).

2. "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 661 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 14246 болып тіркелген).

3. "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 471 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 15362 болып тіркелген).

4. "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 530 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 15382 болып тіркелген).

5. "Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың үлгілік бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 165 бұйрығына және "Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттырудың және оларды қайта даярлаудың үлгілік бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 11 қазандағы № ҚР ДСМ-26 2 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 17684 болып тіркелген).

6. "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № ҚР ДСМ-12/2020 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 20071 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК